

АРАБ ГРАФИКАСЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ РУХАНИ МӘДЕНИЕТТІҢ КОДЫ РЕТІНДЕ

¹Ж.С. Сандыбаев, ²С.Ө. Абжалов, ³Ә.А. Құранбек

АНДАТПА

Мақалада араб графикасы қазақ даласындағы рухани мәдениеттің іргелі коды ретінде философиялық-теологиялық және мәдени-тарихи тұрғыдан талданады. Жазу феноменінің ақпарат жеткізу құралы ғана емес, қоғамның діни санасын, дүниетанымдық құрылымын және мәдени жадын қалыптастыратын символдық жүйе екені негізделеді. Ислам өркениетінде жазудың сакрал мәнге ие болуы, Құран мәтінінің араб тілінде түсуі және уахидың жазба түрде сақталуы араб графикасын иләһи мағынаны тасымалдаушы таңбалық жүйеге айналдырғаны көрсетіледі. Осы қасиет арқылы араб жазуы қазақ даласына исламмен бірге енгенде лингвистикалық құрал болуымен қатар рухани жауапкершілік жүктелген мәдени-онтологиялық феномен ретінде орнықты. Қарахан дәуірінен бастап мешіт-медреселер жүйесінің қалыптасуы, Құран оқыту дәстүрінің орнығуы араб графикасын діни білімнің ғана емес, жалпы таным кеңістігінің құрылымдық өзегіне айналдырды. Түркі тіліндегі классикалық еңбектердің араб жазуымен хатталуы исламдық аксиологияны – имандылық, әділет, әдеп, білім идеяларын – түркі дүниесіне орнықтырды. Мақалада араб графикасының діни жақты сақтаушы, құқықтық-этикалық нормаларды бекітуші және өркениетаралық ғылыми байланысты қамтамасыз етуші рөлі айқындалады. Осы тұрғыдан араб графикасы қазақ мәдениетінде таңба мен мағынаның, мәтін мен сенімнің, тіл мен руханияттың бірлігін жүзеге асырған кешенді рухани код ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: араб графикасы, рухани код, ислам өркениеті, Құран, жазу мәдениеті, діни жад, түркі мұрасы, медресе дәстүрі, исламдық дүниетаным, семиотика.

¹ Мақсұт Нәрікбаев университеті, Астана, Қазақстан

² Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

³ Калифорния университеті, Дэйвис, АҚШ

Автор-корреспондент:
Ә.А.Құранбек,
akuranbek@ucdavis.edu

Сілтеме:
Сандыбаев Ж.С., Абжалов С.Ө., Құранбек Ә.А. Араб графикасы – қазақ даласындағы рухани мәдениеттің коды ретінде // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №2 (108). – Б. 241-250. – DOI: 10.48010/frb0mp13

Ашық қолжетімділік
© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
<https://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/>

Редакцияға түсті: 08/03/2026
Қабылданды: 18/04/2026
Онлайн жарияланды: 30/06/2026

Арабская графика как код духовной культуры казахской степи

Аннотация. В данной статье арабская графика рассматривается как фундаментальный код духовной культуры казахской степи в философско-теологическом и культурно-историческом аспектах. Обосновывается, что письменность является не только средством передачи информации, но и символической системой, формирующей религиозное сознание общества, его мировоззренческую структуру и культурную память. Показано, что сакральный статус письма в исламской цивилизации, ниспослание Корана на арабском языке и сохранение откровения в письменной форме превратили арабскую графику в знаковую систему, несущую божественный смысл. Благодаря этому, арабская графика проникшая в казахскую степь вместе с исламом, утвердилась не просто как лингвистический инструмент, а как культурно-онтологический феномен, связанный с духовной ответственностью. Начиная с караханидского периода, формирование системы мечетей и медресе, а также укоренение традиции обучения Корану сделали арабскую графику структурным ядром не только религиозного знания, но и познавательного пространства в целом. Классические тюркские произведения, записанные арабским письмом, закрепили в тюркском мире исламскую аксиологию – идею веры, справедливости, нравственности и знания. Так же в статье раскрывается роль арабской графики как хранителя религиозной памяти, носителя правовых и этических норм и средства обеспечения межцивилизационной научной связи. И в этом контексте арабская графика оценивается как целостный духовный код казахской культуры, в котором осуществляется единство знака и смысла, текста и веры, языка и духовности.

Ключевые слова: арабская графика, духовный код, исламская цивилизация, Коран, письменная культура, религиозная память, тюркское наследие, медресе, исламское мировоззрение, семиотика.

Arabic Script as a Code of the Spiritual Culture of the Kazakh Steppe

Abstract. This article examines the Arabic script as a fundamental code of spiritual culture in the Kazakh Steppe from philosophical-theological and cultural-historical perspectives. It argues that writing is not merely a tool for transmitting information, but a symbolic system that shapes a society's religious consciousness, worldview structure, and cultural memory. The sacred status of writing in Islamic civilization, the revelation of the Qur'an in Arabic, and the preservation of divine revelation in written form transformed the Arabic script into a sign system carrying divine meaning. Thus, when it entered the Kazakh Steppe along with Islam, Arabic writing was established not simply as a linguistic instrument, but as a cultural and ontological phenomenon associated with spiritual responsibility. Beginning with the Karakhanid period, the formation of mosque and madrasa institutions and the consolidation of Qur'anic teaching traditions turned the Arabic script into a structural core not only of religious knowledge but of the broader intellectual sphere. Classical Turkic works written in Arabic script embedded Islamic axiology - the ideals of faith, justice, morality, and knowledge - into the spiritual fabric of Turkic society. The article highlights the role of Arabic script as a preserver of religious memory, a transmitter of legal and ethical norms, and a medium of intercivilizational scholarly exchange. In this context, the Arabic script is evaluated as an integral spiritual code of Kazakh culture, embodying the unity of sign and meaning, text and faith, language and spirituality.

Keywords: Arabic Script, Spiritual Code, Islamic Civilization, Qur'an, Writing Culture, Religious Memory, Turkic Heritage, Madrasa Tradition, Islamic Worldview, Semiotics.

Кіріспе

Жазу - адамзат өркениетінің дамуы мен рухани мәдениеттің қалыптасуында шешуші рөл атқаратын феномен. Ол тек ақпаратты тіркеу мен жеткізудің құралы ғана емес, сонымен қатар қоғамның дүниетанымын, діни сенімдерін және мәдени жадын сақтайтын күрделі символдық жүйе. Ислам теологиясында жазудың орны ерекше. Құран Кәрімнің алғашқы аяты «Оқы!» (96:1, 1) [﴿اِقْرٰ﴾] деп басталуы білім мен жазудың қасиетті мәнін айқындайды. Сонымен бірге Құранда «Қалам» (68:1, 1) [القلم] сүресінің болуы жазудың иләһи білімді бекітуші құрал ретіндегі маңызын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, араб графикасы тек техникалық таңбалар жиынтығы емес, иләһи мағынаны сақтаушы сакрал жүйе ретінде қабылданады.

Араб жазуының ислам өркениетіндегі өзегі, оның Құран Кәріммен тікелей байланысына негізделеді. Құран уахи ретінде араб тілінде түскендіктен, бұл тіл мен оның жазу жүйесі қасиетті мәтінді дәл әрі бұрмаламай жеткізудің негізгі құралына айналды:

«Расында біз мұны Арапша Құран түрінде түсірдік, әрине түсінерсіңдер» [1, 12:2], [1, 26:195], [1, 12:2], [1, 41:3] және т.б.

Осы себепті араб жазуы тек қарым-қатынас амалы ғана емес, Құдай сөзімен астасқан қасиетті құрал ретінде қабылданды. Құранның жазба түрде сақталуы араб графикасының қалыптасуы мен жетілуіне шешуші әсер етті. Құран Кәрім қырық екі уахи хатшысы тарапынан жазылып отырған. Солардың ішіндегі ең танымалдары – Меккеде Абдулла ибн Сағд, ал Мәдинада Үбәй ибн Кағб еді. Құран аяттары қағазға, матаға, тері қиындыларына, тасқа,

кірпішке және жауырын сүйектеріне жазылған [2, 12:2].

Әрбір Рамазан айында Мұхаммед пайғамбар сол уақытқа дейін түскен уахи бөліктерін Жәбірейіл періштеге бастан-аяқ оқып ұсынып отырған. Сонымен қатар мәтінде шатасу болмас үшін түскен әрбір аяттың қай жерге орналастырылатынын нақты көрсетіп отырған. Ол тірі кезінде уахи түсу үдерісі жалғасып тұрғандықтан, Құран мәтінін екі бір жинақ етіп кітап күйіне келтіру мүмкін болмады. Дегенмен Құран ертерек жинақталған болса, онда оған жиі-жиі өзгеріс енгізуге, кейіннен түсетін аяттарды орналастыру үшін көп мәтіндердің орындарын ауыстырып отыруға тура келер еді. Екінші жағынан, Құран мәтіні көптеген қарилар тарапынан жатталып, үнемі оқылып отырды. Сондай-ақ сахабалардың бір бөлігінің қолында оның жазбаша нұсқалары да болды. Бұған қоса, мәтіннің дұрыстығына кепіл болатын Мұхаммед пайғамбардың өзі де тірі-тұғын. Сондықтан Құран мәтінінің сақталуына қатысты алаңдауға ешбір негіз жоқ еді [3, 68 б.].

Алғашқы кезеңдерде әріптердің нүктесіз және харакатсыз жазылуы мағыналық қателіктерге алып келу қаупін туындатқандықтан, Құран мәтінін дұрыс оқу мен түсінуді қамтамасыз ету мақсатында нүктелеу (иғжам) мен дауысты белгілер (ташкил) жүйесі біртіндеп енгізілді. Бұл үрдіс араб жазуының графикалық тұрғыдан жетілуіне, әрі тілдік нормалардың жүйеленуіне ықпал етті. Сонымен қатар Құранға деген ерекше құрмет араб жазуын көркемдік деңгейге көтерді. Қасиетті мәтінді әсем әрі ұқыпты жазу құлшылықтың бір түрі ретінде бағаланып, нәтижесінде каллиграфия ислам мәдениетінде бейнеулеу өнерінің негізгі формасына айналды.

Осы қасиетті мәтіннің түрлі этникалық және тілдік кеңістіктерге таралуы араб жазуын да кең ауқымда мәдени-өркениеттік тасымалдаушыға айналдырды. Исламды қабылдаған араб емес халықтар үшін Құран тек діни сенімнің қайнары ғана емес, рухани-этикалық нормалардың, дүниетанымдық ұстанымдардың және таным мәдениетінің іргетасы болды. Соның нәтижесінде араб графикасы жергілікті тілдерде қолданылып, діни мәтіндермен қатар ғылыми, әдеби және құқықтық еңбектерді жазудың негізгі құралына айналды. Бұл үдеріс жазу жүйесінің жай техникалық құрал емес, өркениеттік мағына жүктеген символдық жүйе екенін айқын көрсетті.

Осы негізде Құран ілімі мен оған қызмет еткен араб жазуы мұсылман халықтарының руханиятына терең сіңіп, олардың мәдени тәжірибесімен, әдеп нормаларымен және салт-дәстүрлік құрылымымен біте қайнасты. Қолжазба дәстүрі, араб графикасына негізделген көркем жазу мәдениеті және діни-ағартушылық әдебиет арқылы Құран құндылықтары қоғамдық сананың моральдық бағдарын айқындаушы тетікке айналды. Сөйтіп, араб жазуы әртүрлі халықтардың тарихи жадында Құран руханиятын сақтаушы, адамшылық өлшемдерді бекітуші және мәдени тұтастықты қалыптастырушы өркениеттік феномен ретінде орнықты.

Мақаланың мақсаты араб графикасының қазақ даласындағы қызметін тек жазу техникасы деңгейінде емес, рухани-мәдени, дүниетанымдық және өркениеттік код ретінде кешенді түрде талдау. Араб жазуының ислам өркениетіндегі сакрал табиғаты, Құранмен байланысы және оның түркі-қазақ қоғамының рухани болмысын, діни санасын, моральдық және құқықтық ұстанымдарын қалыптастырудағы рөлі философиялық-теологиялық және мәдени-тарихи тұрғыдан негіздеу. Мақсатқа жету үшін мақалада төмендегідей ғылыми міндеттер қойылады:

– Ислам өркениетіндегі жазудың сакрал мәнін және араб графикасының Құран уахымен байланысы арқылы қалыптасқан ерекше рухани мәртебесін айқындау.

– Қарахан дәуірінен бастап араб графикасының түркі кеңістігінде таралуы мен институттану үдерісін (мешіт, медресе, діни оқу дәстүрі) тарихи деректер негізінде сипаттау.

– Араб графикасымен жазылған түркі классикалық мұралары («Құтты білік», «Диуа-

ни лұғат ат-түрк», «Диуани хикмет» және т.б.) арқылы исламдық құндылықтардың (имандылық, әділет, әдеп, білім) түркі қоғамының дүниетанымына сіңу тетіктерін талдау.

Әдіснама

Мақалада араб графикасының қазақ даласындағы рухани-мәдени код ретіндегі қызметін кешенді түрде ашу мақсатында пәнаралық ғылыми әдістер жүйесі қолданылды. Зерттеу исламтану, тарих, мәдениеттану, философия және философия ғылымдарының тоғысындағы теориялық ұстанымдарға сүйенеді.

Алдымен, тарихи-генетикалық әдіс пайдаланылды. Бұл әдіс араб графикасының ислам өркениетіндегі сакрал мәнінен бастап, оның Қарахан дәуірінен бері түркі-қазақ кеңістігінде таралу, орнығу және институттану үдерістерін тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар мәдени-тарихи және теологиялық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдістер араб жазуының тек графикалық жүйе емес, белгілі бір өркениеттік құндылықтар кешенін жеткізуші мәдени феномен екенін айқындауға бағытталды. Араб графикасының діни сана, әдеп нормалары, құқықтық түсініктер мен білім идеалдарының қалыптасуына ықпалы мәдени контекст аясында қарастырылды. Зерттеуде маңызды мәнге ие болған әдістердің бірі – семиотикалық талдау. Бұл арқылы араб графикасы таңбалық жүйе ретінде қарастырылып, оның Құран мәтінімен байланысы, жазудың сакралдануы және таңба мен мағына, мәтін мен сенім арасындағы бірлік мәселелері теориялық тұрғыда түсіндірілді. Бұл араб жазуын «рухани код» ретінде негіздеуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ мәтіндік (герменевтикалық) талдау әдісі пайдаланылды. Араб графикасымен жазылған түркі классикалық мұралары («Құтты білік», «Диуани лұғат ат-түркі», «Диуани хикмет» және т.б.) мазмұндық тұрғыдан талданып, ондағы исламдық дүниетаным, моральдық ұстанымдар мен білім концепциялары ашып көрсетілді.

Негізгі бөлім

Қарахан дәуірі және араб жазуының институттануы

Ислам дінінің кең географиялық аумаққа таралуымен бірге араб графикасы да түрлі

халықтардың рухани өміріне енді. Бұл үдеріс қазақ даласында да ерекше сипат алды. Араб жазуы арқылы Құран мәтіндері, хадистер, фикһ еңбектері, сопылық шығармалар мен діни-ағартушылық мұралар таралып, жергілікті қоғамның діни санасын қалыптастырды. Осы тұрғыдан алғанда, араб графикасы қазақ даласында тек сырттан енген жазу жүйесі емес, исламдық мәдениеттің терең мағыналық қабаттарын кодтаған рухани тетікке ауысты.

Сондықтан да араб графикасының қазақ даласына орнығуы ислам дінінің таралуымен қатар жүріп, бірнеше тарихи кезеңді қамтыған күрделі әрі сабақтас үдеріс болды деп айта аламыз. Бұл жазу жүйесі әр дәуірде әртүрлі саяси-әлеуметтік жағдайда қолданылғанымен, оның негізгі қызметі өзгермей, исламдық білім мен рухани құндылықтарды сақтаушы таңбалық код ретінде жалғасты. Қарахан мемлекеті, Ұлық Ұлыс және Қазақ хандығы кезеңдерінде араб графикасы қазақ даласындағы ислам мәдениетінің іргетасын бекіткен маңызды құралға айналды. Ашып айтар болақ VIII ғасырдан бастау алып, X-XII ғасырларда шарықтау кезеңінен өткен (Қарахандар дәуірі), одан кейін екінші діни-мәдени өрлеу Ұлық Ұлыс кезінде Қазақстанның далалық аймақтарында толық және біржола ислам үстемдік құрып, Қазақ хандығы толыққанды мұсылман мемлекеті ретінде дамығанын көреміз [4, 57 б.].

Қараханилер кезеңінде (X–XII ғасырлар) исламның мемлекеттік деңгейде қабылдануы араб жазуының кең таралуына шешуші ретінде әсер етті. Бұл кезеңде мешіттер мен медреселер салынды, ал Құран мен діни шығармаларды оқу қажеттілігі араб жазуын білім беру жүйесінің негізіне айналдырды. Қарахан мемлекеті тілінде шыққан Құранның (Райландс нұсқасы) аудармасы соның айқын дәлелі. Бүгінде ол «Түркі тіліндегі алғашқы Құран аудармасы», «Қарахан түрікшесі» атауларымен белгілі [5, 179 б.]. Құран сол кезеңде тек діни кітап емес, қоғамды қайта қалыптастырған басты құндылықтар жүйесі болды. Себебі Қарахан мемлекеті исламды ресми қабылдаған алғашқы түркі мұсылман мемлекеті болғандықтан, Құран қоғам өмірінің барлық саласына әсер етті: мешіттерде Құран оқыту жолға қойылды, балаларға әріп тану Құран мәтіні арқылы үйретілді, дін таратушы ғұламалар (дәруіштер, сопылар) уағызды Құран аяттарымен түсіндірді және т.б.

Мәселен Ибн Баттута Өзбек ханның астанасы Сарай жайында: «Сарай қаласы кең жазиралы жазық далаға орналасқан. Халқы көп, көшелері кең, базарлары әдемі ең керемет қалалардың бірі екен... Қалада 13 мешіт бар. Олардың біреуі шафиғилердікі», – деп суреттейді [6, 354 б.].

Бұрын ауызша тараған білім енді жазбаша түрде бекітіле бастады. Діни мәтіндер, құқық нормалары мен ғылым және уағыздар араб тілінде жазылды. Тіпті Сарайда Қутб әд-Дин Мұхаммед ибн Мухаммед әр-Рази әш-Шәфиғи әт-Тахтани, Сағд әд-Дин Масуд ибн Умар әт-Тафтазани ән-Насаи әл-Хорасани, Ибн Араб Шаһ сыңды т.б. есімдері мәшһүр энциклопедист ғалымдар қызмет еткен. Әр-Рази логика мен философияда «Тахрир әл-қауғид әл-Мантиқия фи шарх әр-рисәтәти әш-Шамсия», «Әл-Лауамиғ әл-Асрар фи шарх маталиғ әл-Әнуар», «Рисалат әт-Тасауурат уат-Тасдиқат әл-Қутубия» және т.б. іргелі еңбектерді жазды. Әт-Тафтазани ханафи мен шафиғи құқықтарының майталманы ретінде «Әт-Тәлуих ғәләт-Таудих» сыңды еңбек жазып, көркем әдебиет пен шешендік өнерде «Шарх әт-Талхис әл-Мифтахты» сарқылмас мұра қалдырды [7, 124 б.].

Рухани мазмұн және араб графикасының ислам құндылықтарын таратудағы рөлі

Қазақ даласында араб графикасының кең таралуы исламдық руханияттың орнығуымен тікелей сабақтасып, түркі тіліндегі жазба жазу мәдениетін терең діни мазмұнмен байытты. Қарахан мемлекеті дәуірінде дүниеге келген Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі, Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігі, кейінгі кезеңдегі Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі», Ахмед Иүгнекидің моральдық-этикалық мақал-мәтелдері секілді туындылар түркі тілінде жазылғанымен, араб графикасына негізделді. Бұл еңбектерде исламдық дүниетаным, адамшылық қағидалар, ахлақи насихаттары, қоғамды әділетті басқару идеялары көрініс тауып, түркі-мұсылман мәдени кеңістігінің ортақ рухани іргетасын қалыптастырды. Қазақ даласындағы исламдық білім мен дәстүрді кең таратуға едәуір үлес қосты.

Осылай халқымыздың асыл қазынасы ауыз әдебиетіміз арқылы ислам құндылықтарының діни-рухани насихаты поэзия, музыка, шешендік сөз, көркем өнердің көмегімен діни

насихат жүргізілді. Қазақ жерін мекен еткен кез келген түркі-ислам мәдениетінің тұлғалары сөз басын Алланың құдіретімен бастаған. Мысалы, түркі дүниесінің ғұламаларының бірі – ойшыл ақын Жүсіп Баласағұн, түркі дүниесінің алғашқы поэзия түрінде жазылған саяси философиялық дастаны «Құтты білік» шығармасында:

*«Алла атымен бастадым сөз әлібін,
Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!
Шексіз құрмет, шүкіршілік мың да бір,
Ол мәңгілік, Хаққа лайық кіл қадір.
Жаратты Ол: жасыл көк, ай, күн, түнді,
Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді.
Тіледі де, жаратты бар болмысты,
«Бол!» – деді де, бірден бәрін болғызды»*

– деген жыр шумақтарынан ең алдымен мұсылманшылықтың рухы анық сезіледі [8, 65 б.]. Ақын сөзін Алла атымен бастауы, мұсылмандық мәдени норманың белгісі. Бұл тек поэтикалық әдіс емес, адамның өмірді Жаратушымен байланыстыра қабылдайтын имани танымының көрінісі. Сонымен бірге шумақтар руханиятқа терең бойлайды. Әлемнің жаратылысы, уақыт пен кеңістіктің Алла әмірімен пайда болуы адамды дүниеқоңыздықтан арылтып, болмыстың түп негізін ойлауға шақырады. Мұндай түсінік адам санасын материалдық шеңберден шығарып, рухани жауапкершілікке жетелейді.

Жыр мазмұнынан адамшылық құндылықтардың да бастауы көрінеді. Алланы «Жарылқаушы», «мәңгілік Хақ» деп тану адамның әлсіздігін, тәуелділігін сезінуіне әсер етеді. Бұл кішіпейілділікке, шүкіршілікке, тәубеге келуге тәрбиелейді. Ал бұл қасиеттер адамшылықтың өзегі десек қателеспейміз.

Түркі мәдениетінің гүлденіп, әлем өркениетімен байланысы өркен жайған заманның келесі дарынды ойшылы Махмұд Қашқари:

*«Алла аспанды жаратты,
Ақық сеуіп таратты.
Алла аспанды жаратты.
Таразыны бар етті,
Күнді аударып түн келер.
Бір Иемді мақтаймын.
Білім жинап, сақтаймын,
Жақсылықты жақтаймын,
бар көңілімді бағыштап»* – деп жырлаған

[4, 59 б.]. Өлең мазмұны жағынан діни-дидактикалық (тәрбиелік) поэзияға жатады. Автордың көздегені тек жаратылысты суреттеу емес, сол арқылы адамды имандылыққа,

руханиятқа және адамшылық құндылықтарға бағыттау. Әлем кездейсоқ емес, ал жұлдыздар «ақыққа» баланып, әлемнің үйлесімді әрі әсем жаратылғаны көрсетіледі. Бұл адамның жүрегінде таңданыс пен шүкіршілік сезімін ояту үшін қолданылған бейне десек болмақ. Автор жаратылысты мысал етіп, адамды сенімге, білімге, әділетке, ізгілікке шақырып отыр, басқаша айтқанда мақсат, дүниені таныту арқылы адамды түзеу.

Қазақ даласындағы ислам мәдениетінің қалыптасуында Қожа Ахмет Ясауи дәстүрінің орны айрықша. Ясауи ілімі араб графикасы арқылы хатқа түскен сопылық мұралар арқылы тарады. Оның «Диуани хикметі» түркі тілінде жазылғанымен, араб графикасын қолдануы исламдық дүниетаным мен жергілікті мәдениеттің синтезін көрсетеді. Жүсіп Баласағұн мен Махмұд Қашқари еңбектерінде исламдық дүниетаным ақыл, білім, әділет және әдеп категориялары арқылы рационал-этикалық деңгейде түсіндірілсе, Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтерінде» бұл дүниетаным сопылық руханият пен ішкі тазалық ұстанымдары арқылы баяндалды:

*Ғаріп, пақыр, жетімдерді қылғын шадман,
Көңілі сынған жандарға болғын дәрман.
Залым болсаң, қияметте тартарсың зар,
Дүние үшін иманыңды сатпа, надан... [9, 78 б.].*

Тұран жерін мекен еткен түркі жұртын сопы Ясауи қоғамдағы әлсіз топтарға мейірім көрсетуге шақырады. Себебі бұл исламдағы рахым, жанашырлық, қайырымдылық ұстанымдары. Адамның абыройы байлықпен емес, өзгеге жасаған жақсылығымен өлшенеді деген ойды жеткізеді. «Дүние үшін иманыңды сатпа, надан...» бұл жол тек дүниеқұмарлықты сынау емес, рухани надандыққа қарсы үндеу. Өйткені Ясауи ілімінде білім – тек ақыл білімі емес, жүрек тәрбиесі, нәпсіні тану. Яғни шынайы білім адамды имандылықтан айырмайды, керісінше бекітеді.

Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығының негізін құрайтын ең басты сипат, шариғат қағидаларына мызғымас адалдық, ақиқатқа бастар рухани жолды дәріптеу және сопылық танымды негізгі мұрат ету. Сопылық дәстүрінде араб графикасы тек жазу құралы емес, рухани мағыналарды жеткізудің тілі болды. Онда ахлақ, тақуалық, рухани кемелдену, Аллаға жақындау сияқты ұғымдар көркем әрі символдық түрде берілді. Бұл жазу арқылы сопылық ілім халықтық санаға жақын формада жеткізілді.

Жалпы қазақ жеріндегі ел билеушілерінің иманға келулеріне тариқат шейхтарының ерекше рөл атқарғанын баса айтқан жөн. Себебі шексіз билікке ие хан не сұлтанға діннің сыртқы формасына қарағанда, ішкі әлемі қызық көрінетін. Сопылықтың сырлы әлемінен хабары бар рухани ұстаздың ішкі жан тазалығы, көркем мінезі, көрсететін кереметтері ел билеушінің көңілінен шыққанда ғана, ол иманға келіп, сәждеге жығылатын. Мысалы Ұлық Ұлыста мемлекеттік дін дәрежесіне көтерген Өзбек ханның дінді қабылдауына Сейт ата, Бәдір ата, Ұзын Хасан ата секілді иасауи тариқаты «аталарының» орны ерекше болды [10, 221 б.].

Араб графикасы және қазақ қоғамының діни жадын қалыптастыру

Мәдени жад теориясына сәйкес, қоғам өзінің өткенін тек ауызша дәстүр арқылы емес, жазбаша белгілер арқылы да сақтайды. Қазақ қоғамында ұзақ уақыт бойы ауызша мәдениет үстем болғанымен, ислам дінінің орнығуы жазбаша дәстүрдің маңызын арттырды. Араб графикасында жазылған қолжазбалар, діни кітаптар мен шежірелер қазақ халқының діни жадын қалыптастыруда маңызды қызмет атқарды.

Сонымен қатар араб жазуы ғылыми ойдың дамуына да жол ашты. Түркі ғұламалары ислам әлеміндегі білім жүйесіне араб тілі арқылы қосылды. Философия, логика, математика, астрономия, медицина секілді салалардағы еңбектер араб ғылыми дәстүрімен сабақтас өрбіді. Түркі топырағынан шыққан көптеген ғалымдар еңбектерін араб тілінде жазса да, олардың дүниетанымы мен мәдени негізі түркілік ортада қалыптасты. Бұл ретте Бұрхан ад-Дин Ахмад әл-Фараби, Имад ад-Дин Әбу әл-Қасым әл-Фараби, Қауам ад-Дин әл-Фараби, Молла Ахмет әл-Женди, Хусам ад-Дин әл-Хусейн ас-Сығанақи, Әбу Абд Алла әл-Баласағұни, Әбд әл-Ғафур әл-Кердери, Мұхаммед әл-Кердери, Хафиз ад-Дин әл-Кердерилерді атауға болады. Сайрамдық Ахмад әл-Исфиджаби атты ғұламалар да өзінің терең ойлы туындыларын Ислам ғылымына арнаған. Сайрамнан әл-Қади әл-Байдауи, Әбу әл-Хасан Әли әл-Байдауи секілді ислам құқықтанушылары да шыққан [11, 221 б.]. Осылайша араб графикасы өркениетаралық дәнекер қызметін атқарды.

Ертедегі түркі даласына дін ретінде енген ислам, кейін қазақ дүниетанымына мәдени негізде толыққанды енді. Халқымыздың салт-

дәстүрлерінің исламнан біте қайнасқанын ислам құндылықтарының халық санасында бекігенінен көруге болады. Мысалы, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» мен Қасым ханның «Қасқа жолы» қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып құқығын жүйелеген заңдар болғанымен, олардың рухани-идеялық негізі исламдық құқықтық түсінікпен астасып жатты. Бұл заңдарда әділдік, антқа беріктік, адам өмірін қорғау, отбасы тұтастығы, жетім-жесір құқығын сақтау, ұрлық пен зұлымдықты айыптау сияқты қағидалардың басым болуы – Құран мен шарифатта бекітілген моральдық-құқықтық ұстанымдармен үндес. Яғни дала заңдары тек тұрмыстық ережелер жиынтығы емес, мұсылмандық дүниетаныммен суарылған қоғамдық тәртіп нормалары болды.

Тіпті Әмір Темірдің (1370-1405) заңдар жинағында: «Мен өз қамқорлығыма Құдайдың діні мен Мұхаммед заңдарын насихатталуын алдым. Мен исламды барлық жерде және барлық уақыттар бірлігіне қолдадым. Дін мен заңдарға негізделмеген өкімет пен биліктің өміршең болмайтынын тәжірибем көрсетті. Сондықтан әр аймаққа исламның білгірін жібердім, олар исламда көрсетілген сенім бойынша бұқара халықты ұятты нәрселерден тыйады. Адамдардың білімін көтеру үшін медресе мен мешіттер салдырдым...», – деп атап көрсеткені де мәлім. Қолбасшының билік жүргізу қағидаларында да өкіметтің өміршеңдігі дін мен заңға сүйенгенде ғана мүмкін екені атап көрсетілуі ислам өркениетінде құқық пен руханияттың ажырамас байланысын көрсетеді. Медресе мен мешіт салдыру, дін ғұламаларын жіберу арқылы қоғамның имандылық деңгейін көтеру құқықтық тәртіпті рухани тәрбие арқылы бекітудің жолы ретінде қарастырылды. Бұл үрдіс түркі-мұсылман мемлекеттеріне ортақ сипат еді: заң тек жазалау құралы емес, Құраннан бастау алатын әдеп, ар-ұят, жауапкершілік ұғымдарымен тұтас жүйе құрады. Сондықтан дала заңдары да, мемлекеттік басқару тәжірибесі де Құран руханиятымен байланысқан моральдық негізде қалыптасты деуге толық негіз бар.

Қазақ ақындары мен ағартушылары Қазандағы Мұхаммадия, Ғалия, Семейдегі Ахмет Риза секілді медреселерден немесе жеке молдалардан тәлім алып, араб әрпімен оқу мен жазуды үйренді. Мысалы:

Бұхара – таң қаламын барғаным,
Өкіндім оқи алмай қалғаным!

Дүниеден құр алақан мен барамын,
Жете алмай бұ жалғанда арманым!
Барған соң жатсам не етті сонан шықпай,
Мен жүрмін әуре болып ғылым жұқпай!
Ғылымның апатына кез болдым ба,
Жастықпен жақсылардың сөзін ұқпай! [12, 97 б.].

– деп Мәшһүр Жүсіптің өзін толық ғылым мен білімге арнай алмағандығына айтылған арманы мен екінші қазақ баласының білімге деген ынтасын байқатады. Мұнда арқылы ғылым мен білімнің өмірдегі теңдессіз құндылығы айқын көрінеді. Бұхараны – ілім мен рухани орталықты көрудің өзі үлкен мүмкіндік болғанымен, сол жерден толық білім ала алмағанына өкінуі оның ғылымды дүниелік байлықтан да жоғары қойғанын аңғартады. «Дүниеден құр алақан барамын» деуі материалдық емес, рухани қазынаның, білімнің, нағыз байлық екенін меңзейді. Яғни, адам өмірінің шынайы мәні жинаған мал-мүлікте емес, меңгерген ілімінде деген ой басым. Ақын «ғылым жұқпай» деп, білімнің өздігінен келмейтінін, оған ынта, еңбек, талап қажет екенін ескертеді. Осылайша шығармада ғылым адамды биіктететін, сананы оята-тын, өмірге мән беретін таптырмас рухани құндылық ретінде сипатталады.

Ал енді дін мен руханият мәселелерін еңбегіне өзек еткен Шәкәрім адамның сауатын ашудың маңыздылығына қатысты:

Араб, парсы оқымай,
Орысшаны тоқымай,
Бұтасыз біткен шоқыдай,
Ғылымнан едім жалаңаш.
Түрікше ғана білуші ем,
Сонымды қару қылушы ем.
Перевод оқып жүруші ем,
Орысша, араб аралас [13, 231 б.].

– деп жырлаған автор өз білімінің шектеулі болған кезеңін шынайы мойындап, терең рухани өсу жолына түскенін көрсетеді. Ол тек түрікше білуді жеткіліксіз санап, араб және орыс тілдерін оқымауды ғылымнан «жалаңаш» қалумен теңейді. Өлең жолдары білімнің тек тіл үйрену емес, адамның ішкі дүниесін байытып, рухани кемелденуге жеткізетін күш екенін аңғартады. Ал ғылымға ұмтылмау тұлғалық дамудың тоқырауы екенін астарлаған.

Медреселер тек діни оқу орны емес, қазақ қоғамының зияткерлік жаңғыруына серпін берген рухани-ағартушылық орталықтар болды. Мұнда шәкірттер Құран ілімімен қатар ақида, фикһ және ахлақ, тарих, тіл, логика, әдебиет,

жаратылыстану негіздерін меңгеріп, Шығыс пен Батыс білім кеңістігін жалғаған кешенді та-ным алды. Аталған ғылымдардан бөлек түркі әдеби һәм парсы тілдерінде жазылған «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Фарһад пен Шырын», «Салсал», «Зарқұм» секілді қисса-дастандарды да оқитын. Қожа Ахмет Ясауи, Сағди Ширази, Мәуләнә Жәләл әд-Дин Руми, Әбдірахман Жәми, Әлішер Науаи, Сопы Алла-яр секілді сөз зергерлерінің шығармаларынан далалық астарына үңілуге тырысатын [4, 37 б.]. Осындай ортада тәрбиеленген қазақ жастары ұлттық болмысты исламдық адамгершілік құндылықтармен ұштастырып, білімді қоғам дамуының басты тетігі деп түсінді. Сондықтан бұл медреселерден шыққан түлектердің ұлт рухын ояту, ағартушылық идеяларды тарату жолында белсенді болуы заңды құбылыс. Мысалы, Ғалым Ахмедовтің деректері бойынша бір ғана «Ғалия» медресесін жетпістен аса қазақ баласы бітіріп шыққан. Олардың ішінде Мағжан Жұмабайұлы, Ахмет Мәметов, Бейімбет Майлин, т.б. аса талантты да дарынды қазақ зиялылары бар. Ал Орынбордағы «Хүсәйния» медресесінде Құдайберген Жұбанов, Шамғали Сарыбаев, Біләл Сүлеев, Хайретдин Болғанбаев сияқты азаматтар оқыған [14].

Алаш зиялыларының дүниетанымының кеңеюінде осы медреселер шешуші рөл атқарды: олар араб графикасы арқылы қалыптасқан классикалық мұрамен сусындап, рухани мәдениеттің терең қабаттарын игерді, сонымен бірге заман талабына сай жаңашыл ойлауға бейімделді. Нәтижесінде діни-рухани негізі берік, ұлттық санасы сергек, қоғамдық жауапкершілігі жоғары буын қалыптасты. Бұл тұрғыдан алғанда, медреселер қазақ даласындағы араб графикасына негізделген жазба дәстүрдің сақтаушысы ғана емес, ұлттық интеллигенцияны тәрбиелеген рухани-мәдени кодтың таратушысы қызметін атқарды.

Исламға дейін түркілер көне түркі руникалық жазуын және ұйғыр жазуын қолданғаны белгілі. Алайда ислам өркениетіне кірігу кезеңінде араб графикасы кең таралып, негізгі жазу жүйесіне айналды. Бұл үдеріс механикалық көшіру емес, бейімделу сипатында жүрді: түркі тілдеріне тән дыбыстарды беру үшін қосымша таңбалар мен диакритикалық белгілер қолданылды. Нәтижесінде араб графикасы түркі фонетикалық жүйесіне икемделген нұсқада қызмет етті.

Ахмет Байтұрсынұлының 1910 жылдардан бастап араб әліпбиін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, ыңғайластыруды қолға алуы осының айғағы. Ғалым реформалаған әліпби 1912 жылдардан бастап қолданысқа енді. Сол әліпби негізінде тұңғыш «Әліппе» оқулығы жарыққа шықты. Ахмет Байтұрсынұлының бұл «Әліппесі» сол кезеңдегі қазақ қоғамын сауаттандыру ісінде теңдессіз қызмет атқарды [15].

Сонымен қатар араб жазуы қазақ тілінің исламдық лексикамен байытылуына ықпал етті. Діни терминдердің арабша нұсқада сақталуы олардың мағыналық дәлдігін қамтамасыз етті. Бұл жағдай араб графикасының тілдік емес, дүниетанымдық код ретінде қызмет атқарғанын көрсетеді. Мысалы, ақырет, сауап, иман, ғибадат, ысырап, парыз, уәжіп, сүннет, нәпсі, сияқты т.б. сөздер тілдік қорды байытып қана қоймай, діни-рухани ұғымдарды орнықтырды. Сондай-ақ ғылым, мораль, құқық сынды салаларына – ғылым, хикмет, мағрифат, әділет, хақ, мемлекет, мәжіліс, укімет, өкім, ахлақ, ар, әдеп, сабыр, парыз, арам, адал және т.б. қатысты көптеген терминдер түркі тілдеріне еніп тұрақтанды.

Араб графикасының діни жад қалыптастырудағы рөлі де философиялық-теологиялық тұрғыдан мәнді. Қолжазба мәдениеті арқылы берілген діни, құқықтық және этикалық түсініктер қоғамның нормативтік санасын айқындады. Дала заңдарының шарифатпен үйлесетін моральдық қағидаларды қамтуы құқықтық тек әлеуметтік реттеу тетігі емес, рухани-этикалық негізбен сабақтас жүйе екенін көрсетеді. Бұл араб жазуы арқылы орныққан исламдық құқықтық-этикалық парадигманың қоғамдық құрылымға терең сіңгенінің дәлелі.

Қорытынды

Қазіргі гуманитарлық ғылымдарда «рухани код» ұғымы мәдени жадты, дүниетанымдық бағдарларды және символдық жүйелерді сипаттауда кеңінен қолданылады. Мәдени антропология мен семиотика тұрғысынан алғанда, рухани код – белгілі бір қоғамның құндылықтары, сенімдері мен мағыналық құрылымдарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін таңбалық жүйе. Ислам өркениетінде мұндай кодтың негізгі тасымалдаушыларының бірі – жазу, нақтырақ айтқанда, араб графикасы. Қарастырылған тарихи, мәдени және мәтіндік

деректер жиынтығы араб графикасының қазақ даласында тек графикалық таңбалар жүйесі емес. Өркениеттік мазмұнды бойына сіңірген терең мағыналық құрылым рухани-мәдени код болғанын айғақтайды. Осы ойларды түйіндей келе, араб тілі мен жазуының қазақ болмысындағы рөлін мынадай үш негізгі қыртыс арқылы қорытындылауға болады:

Сенім кодын сақтаушы (теологиялық деңгей): Араб графикасы – «тіл мен сенім» арасындағы алтын арқау. Қазақ даласында Құран әріптерін тану тек сауаттылық емес, ол - Жаратқанның сөзіне (уахиға) жақындау, қасиеттілікке қол жеткізу. Сондықтан, бұл жазу қазақтың исламдық дүниетанымын қалыптастырған негізгі құрал болды. Араб тілі арқылы имандылық, әділет, адалдық, ізгілік және әдеп секілді ұғымдар жай ғана сөз емес, өмірлік ұстаным ретінде қазақ халқының санасына сіңді.

Дәстүр мен әдептің өзегі (әлеуметтік деңгей): Қарахан дәуірінен бастап орныққан медреселік білім беру жүйесі араб графикасын «Мәдени феномен» дәрежесіне көтерді. Қазақтың дәстүрлі әдеп нормалары, бата беру мәдениеті, шежіре тарқату және дала заңдарының рухани негіздері осы араб тіліндегі терминологиямен сусындады. Бұл графика Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан көшпелі қоғам мен отырықшы ғылым орталықтарын (Сауран, Сығанақ, Отырар, Түркістан, Испиджаб, Әулиеата, Жент) біріктірген ортақ коммуникациялық кеңістікке айналды [17, 74 б.].

Ата-баба мұрасымен байланыс (тарихи деңгей): Араб графикасы – біздің тарихи-мәдени жадымыздың кілті. Ғасырлар бойы жинақталған қолжазбалық мұралар, діни-философиялық трактаттар мен тарихи деректер осы кодпен хатталған. Бұл жазудан бас тарту – тарихи сабақтастықты үзумен тең болды. Сондықтан бүгінгі таңда бұл графиканы зерттеу ата-бабамыздың рухани өсиетін, олардың әлемді қалай танығанын түсінудің даңғыл жолы.

Осылайша араб графикасы қазақ өркениеттік болмысында таңбалық форма мен рухани мазмұнның бірлігін жүзеге асырған, тарихи жадты, діни танымды және моральдық-құқықтық сананы сабақтастырған кешенді семиотикалық құрылым ретінде бағалануы тиіс. Ол – ислам өркениеті мен қазақ мәдени кеңістігінің түйісу нүктесін белгілейтін, теологиялық мәні бар әрі философиялық тұрғыдан мәдени мағына ту-

дырушы іргелі өркениеттік код. Бұл кодты тану арқылы біз өзіміздің өркениеттік тамырымызға бойлап, ұлттық рухани тұтастығымызды нығайта аламыз.

Қаржыландыру

Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды (Бағдарлама № BR28713129).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Құран Кәрім // [Электронды ресурс] URL: <https://kuran.kz> (Қаралған күні: 01.02.2026).
- 2 Алтыкулач Таяр. Құраның Мұсхаф халине гетирилмеси сюреджи [Құран Кәрімнің Мұсхаф қалпына келуі]. – Истанбул: әл-Ильм, 2001. – 251 б.
- 3 Ас-Сабуні. Эт-Тибан фи Улум әл-Құран [Құран ғылымдарының түсіндірмесі]. – Бейрут, дар-әлуарак, 1988. – 316 б.
- 4 Бабалар ізімен: Қазақ даласындағы мұсылмандық мектеп. – Астана: «Мұфтият баспасы» ЖШС, 2024. – 412 б.
- 5 Моллақанағатұлы С. Қарахан мемлекеті тұсындағы алғашқы Құран аудармасы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – 2019. – № 2 (127). – 177-178 б.
- 6 Ұлық Ұлыс. (Алтын Орда), Шағатай, Моғолстан мемлекеті // Артефактілер мен тарихи деректердің таңдаулы жинағы. – Алматы: Ғылым, 2019. – 510 б.
- 7 XIII-XVIII ғғ. Дәшті Қыпшақ және Иранның өзара тарихи-мәдени байланыстары [Historical and Cultural Links between Dasht-i Qipchaq and Iran (13th–18th Centuries)] // Халықаралық дөңгелек үстел конференциясының материалдары. (Алматы, 11-12 наурыз 2003 ж.). – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 372 б.
- 8 Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-т.: Жүсіп Баласағұн. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.К. Егеубаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 536 б.
- 9 Иассауи Қ. А. Хикметтер / Аударған Ә. Жәмішұлы. – Алматы: Өнер, 1995. – 208 б.
- 10 Баймуканов А.К. Ислам в Золотой Орде // Проблемы изучения истории Золотой Орды: выявление и интерпретация исторических источников: Сборник материалов научно-практической конференции. Петропавловск: СКУ имени М. Козыбаева, 2020. – С. 163-168.
- 11 Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі. Исламның жауһарлары мен жәдігерлері. Тарихи филологиялық және теологиялық зерттеулер, эссе очерктер, қолжазбалар, сұхбаттар. – Алматы: Атамұра, 2008. – 488 б.
- 12 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 2-том. – Павлодар: ЭКО ӨФФ, 2003. – 384 б.
- 13 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалар жинағы. Алматы, «Өлке» баспасы, 2023. – 416 б.
- 14 Нұрпейісова А. Медресе – ғұламалар бесігі // [Электронды ресурс] URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/3912> (Қаралған күні: 02.02.2026).
- 15 Мамырбек Г. Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппесі» // [Электронды ресурс] URL: <https://abai.kz/post/98357> (Қаралған күні: 02.04.2026).
- 16 Сандыбаев Ж.С. Ортағасыр шығыс философиясындағы басқару мәдениетінің адамгершілік негіздері: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 172 б.

Transliteration

- 1 Quran Karim [The Holy Quran] // [Elektronnyy resurs] URL: <https://kuran.kz> (01.02.2026).
- 2 Altykulach Tayar. Kuranyñ Muskhaf khaline getiryłmesi syuredzhi [The Process of Compiling the Quran into a Mushaf]. – Istanbul: al-Ilm, 2001. – 251 b. (in Turk)
- 3 As-Sabuni. At-Tibyan fi Ulum al-Kuran [An Introduction to the Sciences of the Qur'an]. – Beyrut, dar-al-uarak, 1988. – 316 b. (in Arabic)
- 4 Babalar izimen: Kazak dalasyndagy musulmandyk mektep [In the Footsteps of Ancestors: Muslim Schools in the Kazakh Steppe]. – Astana: «Muftiyat baspasy», 2024. – 412 b. (in Kaz)
- 5 Mollakanagatuly S. Karakhan memleketi tushyndagy alghashky Kuran audarmasy [The First Translation of the Quran during the Karakhanid Era] // L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin Khabarshyly. – 2019. – № 2 (127). – 177-178 b. (in Kaz)
- 6 Ulyk uly (Altyn Orda), Shagatay, Mogolstan memleketi [The Ulug Ulus (Golden Horde), the Chagatai Khanate, and the Moghulistan State] // Artefaktilyer men tarikhi derekterdin tandauy zhinagy. – Almaty: Glyum, 2019. – 510 b. (in Kaz)
- 7 XIII-XVIII gg. Dashti kypshak zhane Irannyñ ozara tarikhi-madeni baylanystary // Khalykaralyk dongelek ustel konferentsiyasynyñ materialdary. (Almaty, 11-12 nauryz 2003 zh.). – Almaty: Dayk-Press, 2004. – 372 b. (in Kaz)
- 8 Adebı zhadygerler [Literary Heritage]. Zhiyrma tomdyk. 5-t.: Zhusip Balasagun. Kutty bilik / Kone turki tilinen audaryp, algy sozi men tusinderimelerin zhazgan A.K. Egeubaev. – Almaty: «Taymas» baspa uyi, 2007. – 536 b. (in Kaz)
- 9 Iassauı K. A. Khikmetter [The Book of Wisdom]. – Almaty: Oner, 1995. – 208 b. (in Kaz)
- 10 Baymukanov A.K. Islam v Zolotoy Orde [Islam in the Golden Horde] // Problemy izucheniya istorii Zolotoy Ordy: vyyavleniye i interpretatsiya istoricheskikh istochnikov: Sbornik materialov nauchno-prakticheskoy konferentsii. – Petropavlovsk: SKU imeni M. Kozybayeva, 2020. – 168 s. (in Russ)
- 11 Sheykh Absattar kazhy Derbisali. Islamnyñ zhaukharlyar men zhadygerlikleri. Tarikhi filologiyalyk zhane teologiyalyk zertteuler, esse ocherkter, kol zhazbalar, sukhbattar [Gems and Relics of Islam: Historical-Philological and Theological Research, Essays, Sketches, Manuscripts, and Interviews]. – Almaty: Atamura, 2008. – 488 b. (in Kaz)
- 12 Mashkhur-Zhusip Kopeyuly. Shygarmalary [Complete Works]. 2-tom. – Pavlodar: EKO GOF, 2003. – 384 b. (in Kaz)
- 13 Kudayberdiuly Sh. Shygarmalar zhinagy [Complete Works]. – Almaty, «Olke» baspasy, 2023. – 416 b. (in Kaz)
- 14 Nurpeysova A. Medrese – gulamalar besigi [Madrasa: The Cradle of Scholars] // [Elektronnyy resurs] URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/3912> (karalghan kyni: 02.02.2026). (in Kaz)
- 15 Mamyrbek G. Akhmet Baytursynulyñyn «Alippesi» // [Elektronnyy resurs] URL: <https://abai.kz/post/98357> (karalghan kyni: 02.04.2026). (in Kaz)
- 16 Sandybaev Zh.S. Ortagasyr shyghys filosofiyasyndagy baskaru madeniyetinin adamgershilik negizderi: monografiya [The Moral Foundations of Management Culture in Medieval Eastern Philosophy]. – Almaty. Kazak universiteti. 2021. – 172 b. (in Kaz)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Жалғас Садуахасұлы Сандыбаев* аға ғылыми қызметкер, қауымдастырылған профессор, философия ғылымдарының кандидаты, Мақсұт Нәрікбаев атындағы Университеті, Астана, Қазақстан, email: nmu.zhalgas@gmail.com
- Сұлтанмұрат Өтешұлы Абжалов* профессор, философия ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан, email: sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0000-0002-6238-9512
- Әсет Абайұлы Құранбек* шақырылған зерттеуші, қауымдастырылған профессор, философия ғылымдарының кандидаты, Калифорния университеті, Дэйвис, АҚШ, e-mail: akuranbek@ucdavis.edu, ORCID ID: 0000-0002-3801-0752
- Жалғас Садуахасұлы Сандыбаев* старший научный сотрудник, ассоциированный профессор, кандидат философских наук, Университет имени Максута Нарикбаева, Астана, Казахстан, email: nmu.zhalgas@gmail.com
- Сұлтанмурат Утешович Абжалов* профессор, кандидат философских наук, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Яссави, Туркестан, Казахстан, email: sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0000-0002-6238-9512
- Асет Абайұлы Құранбек* приглашённый исследователь, ассоциированный профессор, кандидат философских наук, университет Калифорнии, Дэйвис, США, e-mail: akuranbek@ucdavis.edu, ORCID ID: 0000-0002-3801-0752
- Zhalgas Sandybaev* Senior Researcher, Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, Maqsut Narikbayev University, Astana, Kazakhstan, email: nmu.zhalgas@gmail.com
- Sultanmurat Abzhalov* Professor, Candidate of Philosophical Sciences, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, email: sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0000-0002-6238-9512
- Asset Kuranbek* Visiting Scholar, Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, University of California, Davis, USA, email: akuranbek@ucdavis.edu, ORCID ID: 0000-0002-3801-0752

